

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығы

№		
1.	Орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы көрсетілген бос және (немесе) уақытша бос лауазымы (сағаты) бар білім беру ұйымының атауы;	«Қызылорда облысының білім басқармасының М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын. Қызылорда қаласы, Қорқыт ата №9, 87242-272039, М.Джумадилаев т: 87058339223 Р.Ешпанова Т. 8 7768910108 эл.пошта kyzhumcoll@mail.ru
2.	Негізгі функционалдық міндеттері, еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары белгіленген бос және (немесе) уақытша бос лауазымның атауы;	Дефектолог -логопед
3.	Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары;	Кандидат «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығының 12-параграфындағы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының оқытушысы» лауазымына қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек.
4.	Құжаттарды қабылдау мерзімі Конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі;	06 қаңтар, 2024 - 13 қаңтар 2024 аралығы
5.	Қажетті құжаттар тізбесі:	«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығына сәйкес Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды: 1) осы Қағидалардың <u>15-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

		2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін); 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса); 4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері; 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса); 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 <u>бұйрығымен</u> бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген). 7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама; 8) наркологиялық ұйымнан анықтама; 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе колданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса); 12) 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы. 13) тәжірибесі жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы (өзін-өзі таныстыру) ұзақтығы кемінде 10 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720 x 480. 155. Кандидат болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.
6.	бос лауазымға конкурс өткізу кезінде педагогтің бос лауазымының мерзімі.	1 (бір) жыл

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші
басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау,
лауазымнан босату қағидаларына
15-қосымша

**«Қызылорда облысының білім
басқармасының М.Мәметова
атындағы Қызылорда
педагогикалық жоғары колледжі»
коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорын
конкурс жариялаған мемлекеттік
орган**

кандидаттың Т.А.Ә. (болған жағдайда), ЖСН

(лауазымы, жұмыс орны)

Нақты тұратын жері, тіркелген мекенжайы, байланыс телефоны

Өтініш

Мені бос/уақытша бос лауазымға орналасуға арналған конкурсқа жіберуіңізді
сұраймын (керегінің астын сызу керек)

білім беру ұйымдарының атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала / ауыл)
Қазіргі уақытта жұмыс істеймін

лауазымы, ұйымның атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала / ауыл)

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Диплом бойынша мамандығы

Біліктілік санатының болуы (берген (растаған) күні): _____

Педагогикалық жұмыс өтілі: _____

Келесі жұмыс нәтижелерім бар: _____

Наградалары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ
қосымша мәліметтері (болған жағдайда)

Қолы

Аты-жөні

датасы

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының
бірінші басшылары мен педагогтерін
лауазымға тағайындау, лауазымнан босату
қағидаларына 16-қосымша

Бос немесе уақытша бос педагог лауазымына Үміткердің бағалау парағы

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

№	Өлшемшарттар	Растайтын Құжат	Балл сандары (1-ден 20-ға дейін)
1.	Білім деңгейі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	Техникалық және кәсіби = 1 балл Жоғары күндізгі = 2 балл Жоғары күндізгі Үздік = 3 балл Магистр = 5 балл
2.	Ғылыми/академиялық дәрежесі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	PHD-доктор = 10 балл Ғылыми доктор = 10 балл Ғылыми кандидат = 10 балл
3.	Жұмыс өтілі жоқ үміткерлер үшін сертификаттау	Сертификат	"Педагог" біліктілік санаты - 5 балл
4.	Біліктілік санаты	Жеке куәлік, басқа құжат	Екінші санат = 1 балл Бірінші санат = 2 балл Жоғары санат = 3 балл Педагог-модератор = 3 балл Педагог-сарапшы = 5 балл Педагог-зерттеуші = 7 балл Педагог-шебер = 10 балл
5.	Әкімшілік және әдістемелік қызметтегі жұмыс тәжірибесі	Еңбек кітапшасы/еңбек қызметін растайтын басқа да құжат	Әдіскер (лауазымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл) = 1 балл Директордың орынбасары (лауазымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл) = 3 балл директор (лауазымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл) = 5 балл

6.	Алғаш рет жұмысқа тұрған педагогтер үшін	Білімі туралы дипломның Қосымшасы	Педагогикалық/ кәсіби тәжірибенің нәтижелері "өте жақсы" = 1 балл "жақсы" = 0,5 балл
7.	Бұрынғы жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша) немесе оқу орнынан Ұсыныс хат	Ұсыныс хат (Конкурсты өз бетінше жариялаған білім беру ұйымы соңғы жұмыс/оқу орны бойынша ұйымға/оқу мекемесіне өтініш жасайды)	Оң Ұсыныс хатының болуы = 3 балл Теріс Ұсыныс хатының болуы = минус 3 балл
8.	Кәсіби жетістіктерінің көрсеткіштері	- дипломдар, білім алушылардың олимпиадалар және конкурстар, ғылыми жобалар бойынша жеңімпаздардың грамоталары; - дипломдар, мұғалімнің олимпиадалар және конкурстар жеңімпаздарының грамоталары; - мемлекеттік награда	олимпиадалар және конкурстар жеңімпаздары = 0,5 балл ғылыми жобалардың = 1 балл олимпиадалар және конкурстар жеңімпаздары - 3 балл "Үздік педагог" конкурсына қатысушы = 1 балл "Үздік педагог" конкурсының жеңімпазы = 5 балл "Қазақстан еңбек сіңірген Ұстазы" медаль иегері = 10 балл
9.	Әдістемелік қызметі	-авторлық шығармалары, басылымдары	ҚР ОАМ тізбесіне енген оқулықтар мен (немесе) ОӘК авторы немесе бірлескен авторы = 5 балл РОӘК тізбесіне енген оқулықтар мен (немесе) ОӘК авторы немесе бірлескен авторы = 2 балл БССКЕК, Scopus тізбесіне енгізілген ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жарияланымның болуы - 3 балл
10.	Қоғамдық-педагогикалық қызметі	Қоғамдық-педагогикалық қызметін растайтын құжат	тәлімгер = 0,5 балл ӘБ басшылығы = 2 балл Екі тілде сабақ беру, орыс/қазақ = 2 балл шетел/орыс немесе шетел/қазақ = 3 балл, Үш тілде сабақ беру (қазақ, орыс, шетел) = 5 балл
11.	Курсқа дайындық	- пәндік дайындық сертификаттары; - цифрлық сауаттылық, КАЗТЕСТ, IELTS;	ПШО, НЗМ, "Өрлеу" курстары = 0,5 балл Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 Қаңтардағы № 95

		TOEFL; DELF сертификаттары; Goethe Zertifikat, "Python тілінде бағдарламалау негіздері" бағдарламалары бойынша оқыту, "Microsoft" Курсера жұмыстарына оқыту Халықаралық курстар: TEFL Cambridge "CELTA (Certificate in Teaching English to Speakers of Other Languages)" CELT-P (Certificate in English Language Teaching – Primary) DELTA (Diploma in Teaching English to Speakers of Other Languages) CELT-S (Certificate in English Language Teaching – Secondary) ""TKT Teaching Knowledge Test" Certificate in EMI Skills (English as a Medium of Instruction) Teacher of English to Speakers of Other Languages (TESOL) "TESOL" Certificate in teaching English for young learners International House Certificate in Teaching English as a Foreign Language (IHC) IHCYLT – International House Certificate In Teaching Young Learners and Teenagers Becoming a Better Teacher: Exploring Professional Development Assessment for Learning: Formative Assessment in Science and Maths Teaching Online Teaching for Educators: Development and Delivery Educational Management Key Ideas in Mentoring Mathematics Teachers Курсы на платформе Coursera, Futute learn	бұйрығына сәйкес тізбеге енгізілген біліктілікті арттыру ұйымдары іске асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстары (Нормативтік ҚҰҚЫҚТЫҚ актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30068 болып тіркелген) = 0,5 балл (Әрқайсысы бойынша жеке)
--	--	--	--

		Teaching Mathematics with Technology Special Educational Needs "Developing expertise in teaching chemistry "	
12.	Мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының түлегі, "Дипломмен ауылға!", "Серпін" мемлекеттік бағдарламаларының қатысушысы, Жұмыспен қамту орталығы жастар тәжірибесі бойынша жіберілген педагог	Мемлекеттік білім беру гранты иегерінің сертификаты, келісім-шарты	3 балл қосылады
Барлығы:			